# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
# Ш Е Ш І М

2026 жылғы 26 қаңтар №5265-25-00-2/4856 іс Шымкент қаласы

Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты С.Сейтжанұлының төрағалығымен оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

**ТАЛАП ҚОЮШЫ:**
Шымкент қаласының білім басқармасының «Кенесары Қасымұлы атындағы №82 жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

**ЖАУАПКЕР**:
дара кәсіпкер Зохид Шавкатович Мухиддинов

**ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:**
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану

**ҚАРАР БӨЛІГІ:**

Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің 147, 223-226, 229-баптарын басшылыққа алып, сот

**ШЕШІМ ЕТТІ**:

Талап қоюшы Шымкент қаласының білім басқармасының «Кенесары Қасымұлы атындағы №82 жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің талап қоюы - қанағаттандырылсын.

Жауапкер дара кәсіпкер Зохид Шавкатович Мухиддинов мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер дара кәсіпкер Зохид Шавкатович Мухиддиновтен мемлекеттің пайдасына 1 966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге мемлекеттік баж салығы өндірілсін.

Жауапкер шешім көшірмесін алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде осы шешімді шығарған сотқа шешімнің күшін жою жайлы арыз беруге құқылы.

Шешімге наразы жақ Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік Кодексінің 403, 404 баптарына сәйкес осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда – сот осы

арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін 1 (бір) ай мерзім ішінде Шымкент қалалық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы апелляциялық тәртіппен шағым, прокурор өтінішхат келтіруге құқылы.

**Судья** **С.Сейтжанұлы**

Құжатқа қол қойылған: Сейтжанұлы С., 27.01.2026

Заңды күшіне енген күні: 12.05.2026, судья Сейтжанұлы С., 18.06.2026

5265-25-3-1/4960